

ӘОЖ 398; 801.8; МҒТАР 17.71.01
<https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.77>**Б.С. ӘБЖЕТ** *филология ғылымдарының кандидаты, доцент*
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
*(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz***«АЖЫН», «АЖА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ ЖАЙЛЫ**

Аңдатпа. Мақалада автор қазақ тұрмысында қолданылатын «абысын-ажын» сияқты тұрақты тіркестердің шығу тарихына үңіледі. Әулеттегі үлкен әйелдерге қарата айтылатын бұл атаудың миф, ертегі, аңыз секілді фольклор жанрларында ұшырасатын персонаждардың матриархат дәуірінде дүниеге келгендігіне назар аударады. «Абысын» сөзіне қосарланып айтылатын «ажын» сөзінің бастапқы мағынасы «күдай», «күдай ана» болып, уақыт өте келе хандар мен патшаларға қарата қолданылатын «ұлы хан», «ұлық патша» сияқты үлкендікті білдіретін мәндік ерекшелігіне тоқталады. Бұл сөздің тек қазақ халқында ғана емес сонымен қатар көптеген түркі халықтарының лексиконында айтылатын мағынасына назар салады. Түркі халықтарымен қатар осымен мағыналас ұқсас сөздердің орыс, венгр, үнді, парсы, кавказ халықтарының да ұғымындағы сөздерді қарастыра отырып, түрлі халықтарға сіңген мәндес сөздердің мағынасына типологиялық жағынан талдаулар жүргізеді. Бұл сөздің мифтегі айтылатын мағынасы, ертегілер мен дастандарға ауысқандағы өзгеріске түсу жолдары, бір халықтың фольклорындағы жарылқаушы күдай ретінде сипатталса, керісінше енді бір халықтың діни аңыздары мен әдебиетінде адамзатқа зұлымдық алып келетін тажал, айдаһар ретінде қалыптасқандығын сол елдің зерттеуші ғалымдарының еңбектеріне сілтеме жасай отырып, дәлелдеуге тырысады. Кейінгі кездерде бұл сөздің солғындана бастағаны тек отбасындағы үлкен шешелер мен апаларды білдіретін «әже», «ажын» сияқты отбасылық жағдайда ғана айтылатын тұрмыстық деңгейдегі атауға айналып кеткендігіне тоқталады.

Кілт сөздер: ажын, ажо, айдаһар, жена, ашина, әйел, миф.

B.S. Abzhet*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor*
Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
*(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz***About the Origin of the Words “Azhyn” and “Azha”**

Abstract. In the scholarly discourse, the author undertakes an investigation into the historical antecedents of regular expressions, exemplified by the term “abysyn-azhyn” within the cultural milieu of Kazakh society. This nomenclature, specifically attributed to senior women within dynastic contexts, directs attention towards characters manifesting in folkloric genres, such as

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Әбжет Б.С. «Ажын», «ажа» сөзінің шығу тарихы жайлы // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2024. – №3 (133). – Б. 105–113. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.77>

***Cite us correctly:**

Abzhet B.S. «Ajyn», «aja» sozinin shygu tarihy jaily [About the Origin of the Words “Azhyn” and “Azha”] // *Iasau universitetinin habarshysy.* – 2024. – №3 (133). – B. 105–113. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.77>

Мақаланың редакцияға түскен күні 03.04.2024 / қабылданған күні 27.09.2024

myths, fairy tales, and legends, emerging during the epoch of matriarchy. The etymology of the compound term “azhyn”, appended to “Abysyn”, denotes its original signification as “goddess” or “godmother”. Over temporal epochs, this term undergoes a semantic evolution, extending its usage to dignitaries such as “great khan” and “great king”. The author meticulously delineates the semantic nuances of this lexical entity, demonstrating its prevalence not only within the lexicon of the Kazakh populace but also among diverse Turkic communities. In addition to scrutinizing the Turkic linguistic domain, the author engages in typological analyses, scrutinizing analogous terms embedded within the linguistic fabric of disparate cultural and linguistic entities, encompassing Russian, Hungarian, Indian, Persian, and Caucasian societies. This comprehensive approach illuminates the cross-cultural diffusion and semantic evolution of analogous expressions. The scholarly inquiry extends beyond linguistic considerations to encompass mythological realms, exploring the transmutation of this term within the narrative frameworks of myths, fairy tales, and epics. The author adeptly navigates the dichotomy wherein, while denoted as a benevolent deity in the folklore of one community, the term metamorphoses into a malevolent entity akin to a dragon, instigating adversity in the religious and literary narratives of other people. Substantiating these contentions, the author draws upon the scholarly corpus and insights of researchers from the respective cultural and academic spheres. Furthermore, the author traces the diachronic trajectory of this lexical entity, elucidating its gradual obsolescence and subsequent relegation to familial contexts, akin to designations such as “grandmother”. The term “azhyn” thus assumes an intimate, domesticated connotation, designating elder maternal figures within the familial framework. This nuanced exploration not only unveils linguistic evolution but also underscores the socio-cultural transformations that have shaped the semantic landscape of this lexical entity over time.

Keywords: azhyn, azho, dragon, woman, ashina, woman, myth.

Б.С. Абжет

кандидат филологических наук, доцент

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz*

О происхождении слов «Аджын» и «Аджа»

Аннотация. В статье автор обращается к истории возникновения используемых в казахском быту таких устойчивых выражений, как «абысын-ажын». Акцентирует внимание на том, что это название, обращенное к пожилым женщинам в роду, зародилось в эпоху матриархата, в таких фольклорных жанрах, как мифы, сказки, легенды. Первоначальное значение слова «ажын», добавленного к слову «абысын», было «богиня», «богиня-мать», со временем оно стало использоваться для обозначения величия и применялось при обращении к ханам, например «великий хан», «великий хан». Основное внимание уделяется значению этого слова, которое встречается не только у казахов, но и в лексиконе многих тюркских народов. Проводится типологический анализ значения сходных слов, усвоенных различными народами, помимо тюрков, т.е. у русских, венгерских, индийских, персидских, кавказских народов. Ссылаясь на труды различных ученых-исследователей приводятся значения этого слова в мифах, способы его изменения в сказках и былинах, описывается как благословляющий бог в фольклоре одного народа, в религиозных легендах и литературе другого народа он формируется как дракон, несущий зло человечеству. В более поздние времена это слово начало исчезать, став нарицательным, используемым только в семейных ситуациях, например, «эже»(бабушка), «ажын», что означает старших матерей и сестер в семье.

Ключевые слова: аджын, аджо, дракон, жена, ашина, женщина, миф.

Кіріспе

Қазақ тілінде туыстық атауға қатысты тұрмыста қолданылатын «ағайын-жекжат», «туыс-бауыр», «көрші-қолаң», «бала-шаға», «абысын-ажын» сияқты тұрақты тіркестер, қосарланған тіркес сөздер қатар жүріп отырады. Кейбір сөздер жай туыстық мағынада ғана қолданылатын сөз болса, керісінше кейбір көмескі сөздердің мағынасы тым тереңде жатқандығы байқалады. Бұл сөздердің алдыңғысы қазіргі кезде әлі де өз мағынасын жоғалтпаған болса, керісінше соңғы тіркестердің кейбірінің мағынасы көмескіленіп, бастапқы мағынасы солғынданып, архаизмге кеткенін көреміз. «Ағайын» деп қыз алыспайтын ет жақын туыстарын айтса, «жекжат» деп жүрежаттан кейінгі туған ұрпақты айтқан. Жекжат атанған туыстар сол рулас туыстарымен құдандалы болып қыз айттыруға бара алатын, жеті атадан кейінгі қыз алысып, сүйек жаңғыртқаннан соңғы ұрпақтарға қаратып айтылған атау. Жекжатшылап келген жігіттер сол ауылдың қыз-қырқынымен әзілдесіп, көңіліне ұнаған қызға сөз де сала алады.

Көрші сөзі әлі күнге шейін қазақтар арасында бар және ол «көрші», «қоңсы» деп қолданылады. Ал, көршімен қатар қосарланып жүретін «қолаң» сөзінің мағынасы ұмытыла бастаған. Қолаң сөзі кезінде жылқы малына қатысты шыққан болуы керек. Қолаңның өзі жылқы қылынан жасалған бұйым, шыбын қоритын желпуіш құрал екендігі белгілі. Жылқышылардың қосы не түнеген қоналқасында көрші іргелес қонған малшылар ауылына қатысты, жүзі таныс болғанымен оншалықты аралас-құраласы жоқ өзге ауылдың адамдарына қатысты айтылған болуы ықтимал. Бастапқы мағынасы көпшілік, қалың ел деген мағынада қолданылғанымен кейін келе ұмытыла бастаған.

Абысын сөзі әлі күнге шейін қолданыста бар. Ағайынды аға-бауырлардың әйелдері бір-біріне абысын болады. Ежелден келе жатқан әрі көптеген халықтардың тіліне сіңген сөздің бірі – ажын. 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» осы көнерген «ажын» сөзі еңбей қалған. Бастауы сонау ерте дәуірлерге барып тірелетін түркі және моңғол тілдерінде қатар ұшырасып отыратын бұл сөздің шығу төркіні «әке», «әже» дегенді білдірген. Қазақтың ертеден қолданылып келе жатқан «ажа» деген көнерген сөздің негізгі лексикалық мағынасы – әйел. Профессор Б.Сағындықұлының түсіндіруінше: «Абысын-ажын» қос сөзінің құрамындағы «ажын» тұлғасы да әйел деген мағына береді. Осы «абысын-ажын» қос сөзін тұтастай алып қарағанда, апалы-сіңлілі деген ұғымды білдіреді. Мысалы, нағашы, ұрғашы сөздерінің құрамындағы ашы компоненті де әйел деген мағына береді. Нағашы – әйелдің жақындары. Ұрғашы – әйел жынысы деген мағынада жұмсалады [1, 146–147-бб.].

«Ажын» сөзі үлкен әйелге қарата айтылатыны, «әже» сөзі осы әулеттегі ең үлкен әйелге қарата айтылатындығы белгілі. Осы сөздің шығу төркінін анықтау үшін тек қазақ тіліндегі көнерген сөздерді ғана емес, сонымен қатар моңғол, урду, чуваш, орыс, санскрит, т.б. тілдерде кездесетін мағыналас сөздерді салыстыра зерттеу арқылы сөздің төркінін анықтауға болады.

Мақаланың зерттеу нысаны: қазіргі кезде тұрмыстық сөздерде қосарланып жүретін сөз тіркестерінің шығу төркінін анықтау, оның бастапқы мағынасы мен кейінгі түрленген түрлерін талдауға негізделген.

Зерттеу әдістері

Мақалада кейбір көнерген сөздердің шығу төркінін анықтау үшін салыстырмалы әдіс қолданылды. Теориялық деректер арқылы отандық және шетелдік ғалымдардың пікірі мен тұжырымдарын негізге ала отырып, синтездік талдау әдісі де басшылыққа алынды. Көнерген сөздің шығу төркіні сонау мифтік түсініктерге қатысты болғандықтан, оның пайда болу, түрлі титулдық атауларға ауысуына байланысты фольклорлық мұраларда сақталған, көптеген халықтардың фольклорлық мұраларында кездесетін түрлеріне қатысты мағынасын

ашу үшін фольклортану ғылымындағы тарихи-салыстырмалы әдіс, тарихи-типологиялық және анализ жасаудағы тарихи-генезистік талдаулар жасалынды.

Талдау мен нәтижелер

Қазақ тілінде мағынасы көмескіленіп, қолданыстан шыға бастаған «ажын» сөзінің шығу тарихы тым көне дәуірлерден басталады. Бұл атау көптеген Еуразия халықтарының фольклорлық мұраларында ұшырасып отырады. Шығу тарихын алып қарағанда «ажын» сөзі көне дәуірлерден бері сақталып келе жатқан көне түркі сөзі болып табылады. Қазақта «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» дейтін тұрақты сөз тіркесі де бар. Мұндағы қожа кешегі ислам дінін ел ішіне таратқан, халыққа шарифат үкімдерін орындауды міндеттеген қожа-молдалар екендігі белгілі. Ал, ажа сөзі салт-дәстүрге қатысты, бұрынғы қағида, ережеге байланысты шыққан атау екендігін байқаймыз. Бұл сөздің шығу тарихы сонау арий, сақ, массагет тайпалары кезеңінен бастау алады. Жалпы «ажы» сөзі құдай атауын да берген. Қазақтың атақты ғалымы, академик Ә. Марғұлан қазақ даласынан жазып алынған эсхатологиялық миф туралы мынадай дерек келтіреді: «Түймекент пен Тас-Ақыр сарайы туралы ерте қазақша жазылған бір кітабын тауып алған аяулы ғалым А.А. Диваев кітапты жазушы Тастөбе болысында бір қыстақта тұратын Тәуке молда Нұрабаев деген кісі бұл кітапқа А.А. Диваев, В.Н. Андерсонмен қосылып түсініктеме жазып, қазақ тексті орысша аудармасымен қосып, Н.Ф. Катановтың алғысөзімен Казан университетінің журналында басып шығарады. Нұрабаевтың аңызы бойынша, Алаңғасардың шын аты Ажы. Ол орасан ұзын бойлы болған. Жер жүзін топан суы қаптағанда, ол Ажының тізесінен аспаған. Аңыздың баяндауынша, «Бұрынғы заманда Алаңғасар атты бір дәу болыпты, оның Арсалаң Алып деген баласы бар екен» [2, 44-б.].

Демек, алып денелі дәудің аты «Ажы» болғандығын көреміз. Ә. Диваев жазып алған бұл аңызда Алаңғасар алып ер адам бейнесінде сипатталады. Соған қарағанда бұл аңыздың кейінгі дәуірлердегі өзгеріске түскен түрі болса керек. Себебі матриархат дәуірінде дүниеге келген бастапқы құдайлар ер адам бейнесінде емес, әйел кейпінде сипатталып отырған. Жалпы матриархат кезеңінде туып, қалыптасқан әлемнің жаратылысы мен алғашқы құдайларға қатысты мифтік түсініктердің барлығында алғашқы құдайлар әйел бейнесінде суреттеледі. Ол жайлы дінтанушы ғалым Корен Армстронг та атап өтеді: «Алғашқы қауымдық құрылыста әйелдердің көп жағдайда еркектерден үстем тұрғаны шүбәсіз. Көне діндердегі ұлы әйел құдайлардың беделі әйел затына деген құрметті айқын аңғартады. Бірақ қалалардың пайда болуы және дамуы жауынгерлік қабілеті мен білек күші сынды еркекке тән қасиеттердің маңызын арттырды» [3, 61-б.].

Ажы мен ажынға қатысты қазақ тілінде сақталған көне сөздердің дені әйел затына байланысты айтылатындығын байқауға болады. Бұл тек қазақ тіліне ғана тән емес, көптеген түркі тілді халықтардың этимологиясында сақталып қалғаны байқалады. Сонымен қатар орыс тіліндегі «жена», «жены» сөздері де осы ажын сөзінен келіп шығады. Бұл сөздің венгр тілінде де ұшырасатындығы турасында С. Қондыбай өз еңбегінде тоқталып, талдаулар жасайды: «2. Мадияр тілі мен мифіндегі христиандық құдайды дүниеге келтіруші ана (богородица) да ежелгі түркілік атауды сақтаған, ол boldog – asszony делінеді, яғни атауы «бақыт (байлық) анасы» дегенді білдіреді, мұндағы «асзони» («ажони») мен қазақша «ажын» бір сөз, екеуі де отбасындағы, рудағы ең үлкен әйел дегенді білдіреді» [4, 25-б.].

Жалпы түркілердің ерте және ортағасырлардағы қолданған сөздерінде «ажа», «әже» сөзі үлкен, алғашқы деген мағынада келеді. Ашина секілді алғашқы түркілік рулардың атауын да әйелзатынан шыққан көсемдерге байланысты қарастыруға болады. Түркиялық түрколог-ғалым О. Серткая «ашина, ачина, асена сияқты формаларда кездесетін бұл сөз «көк бөрінің ұлдары» мағынасындағы Көктүрк әулетінің атауы саналады. Ғалым «Моңғол тіліндегі бөртчине сөзі бөри+ачина түрікше+қытайша бір-бірін қайталаудан тұрады. Ал

қазіргі түрік тілінде асена сөзі «ұрғашы» атауын алып, «ұрғашы ашиналар» түрінде де қолданылғаны байқалады» [5], - дейді.

Ашина тайпасының қаншық қасқырдан тараған ұрпақ екендігі туралы Л. Гумилев те өз зерттеулерінде тоқталып өтеді: «Бұл тармақты көршілері түп-тұқиянымен қырып салған-ды; тек бір тоғыз жасар бала ғана аман қалады, ал жаулар оның да қол-аяғын шауып, саздаққа лақтыра салады. Сол арада одан бір бөрінің қаншығы ұрықтанады. Дегенмен де баланы дұшпандары өлтіреді де, қаншық қасқыр Алтайға қашып барып, сонда он бала табады» [6, 25-б.].

Ашина тайпасына қатысты аңыздың негізі де сол «Аша», «Ажо» құдайына барып тірелетіндігін байыптауға болады. Алғашқыда әйел құдайына қаратып айтылған бұл атау кейін келе ортағасырларда туыстық мағына беретін сөзге айнала бастаған. Жалпы ортағасырлық түркі жазбаларында «ажын» сөзі туыстық мағынада қолданылған. «1. Көне түркі жазба ескерткіштерде ачі//ачы//әчі//өчі тұлғасында «үлкен туыс», «үлкен аға», «туыс», «үлкен әже» «аға», «баба» мағыналарында кездеседі. Бір мысал: Äl ätmis Jabғu oқly Sabra tamqan чур жоқа інісі Ылдä Sabra tamqan таркан јумғылық бäs jätmис äчим атым. Бұл ескерткіште äчим – «менің бабам» мағынасында (2, с. 9); 2. *Ажын атауы В.В. Радловтың еңбегінде: аја (алтай тілі бойынша) – «әже», «әкемнің апайы» (3, I, с. 199), ачы (телеуіт тілі бойынша) – «кіші іні», «бауыр», «туыс», «кіші әпке» (3, I, с. 503) т.т. 3. Махмуд Қашғаридың «Дивану луғат-ит турк» сөздігінде: اچا [ача] – ‘үлкен әпке’, اچى [әже] – ‘әже’ мағынасында» [7].

«Ажа» сөзі моңғол тілінде әке деген мағынада қолданылады. Ол жайлы белгілі түрколог ғалым Ғайнетдин Мұсабаев былай дейді: «Ал, *Ай дейтін ажа, қой дейтін қожса* дейтін мақалдағы *ажа* сөзі моңғол тілінде әке деген мағынада қолданылатынын Ибн-Мұханның сөздігінен кездестіреміз.

Осы *аша* деген сөз урду тілінде де кездеседі. Мұнда ажа ұлы ата деген мағынада. Сонда осы сияқты екі қиырда өмір сүріп келе жатқан екі тіл *ажа* сөзін бірінен-бірі ауысып алды ма, әлде арада сатылап жеткізген халықтар болды ма? Болмаса пәкістандықтар мен моңғолдардың әрқайсысы өз тұсынан жасаған сөздері болып, кездейсоқ үйлестіріп келді ме, міне, осы сауалдарға жауап беру үшін көне түркі тілін қарастырып, қазіргі қазақ тіліндегі бар фактілерді ескергенде, *ажа* деген түркі, моңғол тілдеріне ортақ сөз болғаны байқалады» [8, 95-б.].

Урду тілі түркілердің «орда тілі» деген сөзінен келіп шыққан. Үндістанды моғол империясы билеген тұста түркі-моңғол сөздері көптеп ене бастағаны белгілі. Ажа сөзі де түркі-моңғол сөзінен ауысқан деген тұжырым жасауға болады.

Демек, «ажа» сөзі ортағасырлық түркі тайпаларының арасында кең мағынада қолданысқа ие болған. Бастапқы мағынасы құдай дегенді білдірсе, кейінірек патшалар мен қағандарға қатысты қолданатын титул болған. Кезінде қырғыздарда бұл атау қағандардың басына киетін тәжі, ұлы қаған деген де мағынада қолданылған. «Манас» дастанын тереңінен зерттеген қазақ ғалымы М. Әуезов қағандардың ежелгі атауы мен оның мағынасы жайында қызықты дерек келтіреді. М. Әуезов еңбектерінің 20 томдық шығармалар жинағының 19-томында «Ажа» сөзі жөнінде «Манас» эпосында қол бастаған қағанды «ажо» деп атағандығы туралы баяндайды: «Енисей-Орхон жазулары мен “Ұлы Мемлекеттік” деп аталған дәуірінде ежелгі қырғыз тілінде әскербасы немесе қағанды “Ажо” деп атаған. Кейін жыршылардың ауызша айтуында бұл өзгеріске ұшырап, кейін Әжі деген кісі атына айналған және оған бай дегенді қоса айтқан. Эпостың қазіргі нұсқаларының бірінде Әжібай деген кейіпкер бар. Ол – Манастың жақын достарының, шораларының бірі. Қазіргі тыңдаушылар үшін бұл сөз қажы, қырғызша айтқанда, әжі дегенмен үндес, ұқсас естілуі ықтимал. Бұл алғашқыдағы, о баста туған сөздердің қаншалықты өзгеріске ұшырайтындығының анық айғағы» [9, 122-б.].

«Ажа» сөзінің қазір ғылымда белгілі бірнеше мағынасы ұшырасады. Алғашқы мағынасы аспан астындағы «найзағай құдайы» дегенді білдірсе, арий тайпаларында «аузынан жалын шашқан жылан құдайы» деген түсінік болған. Орталық Азия даласын

мекендеген көшпелі сақ, массагет, арий тайпалары ордалы жыланды кие тұтқан. Тотем ретінде жылан культіне табынған халықтар арасында қазақтар да бар. Қазақ халқының ертегілерінде ақ жылан киелі әрі өзін құтқарған адамға түрлі аңның тілін үйрететін құдіретті күш ретінде сипатталады. Ертегіден өзге ел арасында тараған аңыздар мен әңгімелерден де өзге жыланның киесі туралы ырымдар мен сенімдер әлі күнге шейін ауылды жерлерде тұратын қазақтар арасында жақсы сақталып қалған.

Еділ, бұлғар халықтары мен Кавказ халықтарында да жылан киесі туралы аңыздар кездесіп отырады. Демек, «ажа» шығу төркіні жағынан матриархат кезеңіне барады. Бұл сөздің алғашқы мағынасы құдай атына байланысты дүниеге келгендігін чуваштардың мифтік түсінігінен де көреміз. Ажаның бастапқы мағынасы кейбір халықтардың мифологиялық әңгімелерінде әлі күнге шейін сақталған. Соның бірі чуваш халқы. Чуваштардың мифінде баяндалатын Аша патман аспан құдайларының бірі болған. Ол дә әйел құдай беснесінде сипатталады: «1. Ее лечение всегда имеет положительный исход. Она не фигурирует в ритуалах с отрицательными целями. Например, в тексте заговора, записанном в 1927 г. от Д. Падимировой Н.Я. Золотовым, снимать слез из-за Волги приходит старуха Аша патман. Волосы у нее золотые, зубы серебряные. Она является в виде грома и молнии, но мощнее грома и молнии. В то же время в заговоре колдуни, направленном на почву, вместо Аша патман действует злой дух, а является он не из-за Волги, а сквозь три слоя преисподней. Его колдовство, наоборот, приносит облегчение самому злему духу, а адресату – невыносимый недуг» [10, 331-б.].

Көшпелі арий, сақ, массагет тайпаларында жылан киелі аң болғанымен, отырықшы оңтүстік халықтарда ол керісінше үрейлі мақұлық ретінде танылған. Ежелгі діни түсініктерде де жылан жағымды бейне ретінде суреттелмеген. Зороастризм, ислам дініне қатысты діни аңыздарда жылан өлілер әлемінің құдайы Ахриманның нөкері, ал ислам аңыздарында шайтанды жұмаққа кіргізген осы жылан екен деп айтылған. Демек, Үндістан, Иран, Таяу Шығыс халықтарының сенімінде жылан жағымды кейіпкер емес. Көшпелі түркі халықтары жыланға табынғандықтан олардың тотемдері өзгеріске ұшырап, айдаһар бейнесін қалыптастырады.

Айдаһар мен «ажы» жылан бейнесі отырықшы халықты ылғи да судан қысатын, алым-салық салып, адамды тірідей жұтатын тажал ретінде көрініс тапқан. Мұндағы отырықшы халыққа ылғи да қауіп төндіретін жылан кейпінде келетін тайпалардың бірі – көшпелі арий, сақ тайпалары болған. Олардың үлкен ханы «Ажо» кейін «Шахнама» дастанында өзінің басындағы алтын тәжі арқылы әлемді билеп отырған Жәмшид патшаны тақтан тайдырып, орнына келетін Захак патша да осы жылан кейпінде суреттеледі.

Кезінде Түркі халықтарының арғы түсінігінде жылан киелі тотемдік рухқа ие болғандығы белгілі. Ал, «айдаһар» сөзі кезінде «ажы» және «захак» деген қосарланған сөзден келіп шыққан. Бұл жердегі «ажы», «ажа», «ара» сөздері түбірлес. Бұл да кезінде солтүстікті мекендеген арий халықтарының сөзімен байланысты дүниеге келген болса керек. Оңтүстікке қарай ойысқан кезінде Үндістан, Иран жеріндегі байырғы халықтарына арий тайпалары өздерінің құдайға қатысты ұғымдарын бірге ала барған. Осылайша арий патшасының атына орай «айдаһар» атты кейіпкер дүниеге келеді. «Ажы» сөзінің шығу этимологиясын талдаған ирандық ғалым, доктор Мавхаш Вахед Дуст өзінің мынадай тұжырым, жорамалын жазады: «Үнді мифологиясындағы «Захак» сөзінің пайда болуы. Арий тайпаларының ішінде «Нага» атты ру бар. Олар кезінде Дитеһа мемлекетінің құрамында болған. Нага сөзі «наг» деген түбірден шығады, оның парсыша мағынасы «жылан» дегенді білдіреді. Үндістандағы Ассам штатында тұратын халықтың басым көпшілігі әртүрлі жылан кейпіндегі киелерге табынады. Сол себепті де бұл терминнің шығуы барлық жағынан алғанда жыланға табынушы мағынасында сипатталады. Үнді мифологиясында былай дейді: «Нагалар Брахманың балалары және олар арий тайпасынан шыққан, нагалар бірнеше руға

бөлінеді, олардың кейбірі мыналар: Такшак, Ахи, т.б. Такшак руының (Taksaka) атына орай такшак сөзі жылан нәсілінен дегенді білдіреді. Көшпелі моңғол елінің тошарыс «Tocharis» және Такуир (Takuir) тайпалары да осы жылан сөзінен алынған, сонымен бірге Түркістан елінің аты да осы Такур «Takuir» тайпасынан келіп шыққан.

Такшактардан бөлек күш-қуаты орасан күшті тағы бір тайпаның аты – «Ахи» деп аталады. Ол «ажи» (аси, ази) сөзінің өзгерген түрі. Ажи тайпасының негізін қалаушы патшаның аты Веретра (Viritra) оның лақабы Дахак болған. Дахак шағатын әрі қорқынышты жыланның бір түрі» [11, 162-б.].

«Ажа» құдайы Евразия аймағына кең тараған ұғым. Бұл туралы деректер мысырлықтардың да діни түсінігінде ұшырасады. «Аза» туралы айтылатын ежелгі әңгімелерді көне Египет құдайлары қатарынан да кездестіруге болады: «Но в день смерти великого царя, в 17 день афира, отправлялись мистерии Изиды, присутствовать при которых могли только посвященные. Ночью в храмах жрецы представляли смерть царя, поиски его трупа, рассечение его на Сетом, безутешное блуждение и искание царицы, ничего не было опущено, даже змеи, преследовавшей Азо, - только рассекалась не настоящая змея, а толстая веревка» [12, 39-б.].

Құдай атына қатысты айтылатын «ажа» сөзі қырғыздарда айбынды, үлкен хандарға да қарата айтылғандығына тоқталдық. Қазақ мифологиясын зерттеген С.Қондыбай да «ажа» сөзі қазақ түсінігінде үлкендік мағынада қолданылатындығы туралы өз зерттеулерінде тоқталып кетеді: «Аналардың үлкені» деген мағына берген «ажа/еже» немесе «ажын/ежен» сөздері «үлкендік» мағынаны жалғастырып, «ғалам, дүние» деген ұғымды да туғызған. М. Қашқари сөздігінде «ажұн» (дүние) сөзі осындай жолмен пайда болған» [4, 26-б.].

Қазақ ауыз әдебиетінде аты аталатын эз-Жәнібек, эз-Тәуке секілді халық өзі ұнатқан хандарды қастерлеп, бұрынғы ата дәстүрмен «эз» атағын қосарлап отырған. Демек, бұрыннан бері келе жатқан «ажа» сөзі қазақ хандығы кезінде де кең қолданыста болғандығы байқалады. Мысалы XVII ғасырда ел билеген Тәуке ханды қазақтар алты алаштың ханы болғандықтан да эз-Тәуке деп атаған. Осыдан-ақ оның қағандарға берілетін титулдық атақ екендігі көрініп тұр. Бірнеше халықты қатар билеген ұлық хандарға берілетін атау қазақтың үш жүзіне қоса қарақалпақ пен қырғызға да иелік еткен алаштың соңғы ханы Тәукеге берілген. Тарихи деректерде Тәуке ханның қырғыздардың да ханы болғандығы айтылады: «Тәуке қарақалпақтармен, қырғыздармен саяси одақ құру арқылы ойраттардың шабуылына тосқауыл қойды. Сонымен бірге, Тәуке қырғыздармен әскери одақ құрған деректерге сүйенсек, ол қырғыздардың біраз бөлігін өзіне толықтай бағындарған. Бұл туралы көптеген халықтардың ауыз әдебиетінде мәліметтер кездеседі. Тәукенің мұндағы билігі Қоқым би Қарашорин басқаруы арқылы жүзеге асты» [13, 234-б.].

«Эз», «ажа» сөзі Алтын Орда тұсында Жәнібек ханға қатысты да қолданған. Алтын Орда тұсындағы Жәнібек хан «эз-Жәнібек» деген атпен қазақ, қарақалпақ, ноғай секілді біраз түркі халықтарының әдебиетінде ақылды әрі жағымды хан бейнесінде келіп отырады. Қазіргі қарақалпақ тілінде де осы «ажа» сөзі үлкендерге қосылып, қосарланып айтылатын тіркеске айналған. Өзінен жасы үлкен апасын «ажыапа», үлкен ағасын «ажыаға» деп атайды. Қазақтарда «эз», «ажа», «ажын» сөздері XIX ғасырдан бастап өзінің бұрынғы мағынасынан айырылып, мәні кетіп, көнерген сөздер қатарына ығыстырыла бастағанға ұқсайды.

Алтын Орда мен Ноғайлы дәуірінде болған оқиғалардың көбі ауыз әдебиетінде Жиренше, Қарашаш, Асан қайғы, Абат батыр, Алдар көсе кейіпкерлері арқылы Алтын Орданың ханы эз-Жәнібектің айналасына топтаса бастаған. Мұны фольклорда цикльдену дәуірі деп атайды. «Қырымның қырық батыры» атты батырлар жырының топтамасының дүниеге келуінің өзі осы цикльді топтасу кезін бастан кешіргенін көреміз. Эз-Жәнібек хан Алтын Орда ыдыраған соң ноғайлы хандығының қарамағында болған халықтардың фольклорында сол дәуірдің кейіпкері ретінде орнығады.

Уақыт өте келе «ажын» сөзі рудың үлкен анасы, ел басқарушы хандар мен билердің, батырлар мен ауыл ақсақалы ірі байлардың үйлеріндегі елге ықпалды аналар мен апалардың билігі де әлсірей бастаған тұста тұрмыстық қолданыстан шыға бастаған. Бұрын бір елді не руды басқарған әйелдер «ажын» атанса, кейінірек бұл сөз елге ықпалды билер мен байлардың атынан қарамағындағы елге үкім жүргізген билігі бар адамның үйіндегі үлкен әйелдері, яғни отағасының некелі жарларына қарата қолданылған болса керек. Шамасы келген ер азамат кезінде бір әйелмен шектеліп қалмаған. Қазақ байлары мен батырлары, ел билеген билері ру арасындағы билігін нығайту үшін әрі туыстық, татулық деңгейін ұстап тұру үшін де беделді рудың белді адамдарынан қыз айттырған. Ел ішіндегі ушыққан дауды шешудің де бір жолы қыз беріп, қыз алысу арқылы мәмілеге келіп отырған. «Судың түбін шым бекітер, даудың түбін қыз бекітер» деп билер арасында қарсы жақтың қызын әйелдікке алып, құда-құдандалы болу да сол кездегі дипломатияның бір түрі болған. Жаугершілік заманда сыртқы дұшпанға қарсы тұру, өзіне қорған болу үшін бірнеше әйел алған, содан туған ұрпақтар қанша көп болса сонша айбынды әскер деп есептелген. Сондықтан да әкесінің әйелдерін оның балалары бөліп жарып қарамастан «үлкен апа», «кіші шеше» деп атаған. Қазақ дәстүрінде бала әкеге де, шешеге де қарсы келмеген. Сыйластық ретінде бәйбіше мен тоқалдан туған балалар әкесінің барлық әйелдеріне шеше ретінде қараған. Үлкен апаларды бөліп-жармастан «ажын» деп аталғандығына көз жеткізуге болады. Қазақтың той-томалақта, үлкен ас беріліп жатқан жерде бір әулеттің қызметте жүрген әйелдеріне қарап «абысын-ажын» деп атауының мағынасы да осыдан келіп шығады.

Қорытынды

Қазіргі кезде мағынасы көмескі тартқан «ажын» секілді сөздердің төркіні тым тереңде жатқандығын көреміз. Оның тамыры бір халықтың сөздік қорында емес, көршілес отырған бірнеше халықтардың қолданысында жүрген ұқсас сөздермен салыстыру арқылы анықтауға болады. Сонау матриархат кезеңінде қалыптасқан осы секілді кейбір сөздердің бастапқы шығу тарихы ертеде өмір сүрген көшпелі тайпалардың космогониялық мифіне қатысты дүниеге келген сөз болып шығады. «Ажын» сөзі дүниеге келген тұста жарылқаушы әйел құдайының атын білдіргендігін көреміз. Уақыт өте келе оның қолданыс аясы кеңейіп, бір елді билейтін көсемдер мен патшаларға да қатысты қолданыла бастаған. Жалпы патша құдайдың жердегі көлеңкесі, оның жердегі орындаушысы, адамдарды құдай атынан басқаратын қасиетті әміршісі деп түсінген. Соған байланысты елді, руды билеген әйел патшалар «Ажа» құдайының атынан билік жүргізіп отырғандықтан, олар да «ажа» атанған. Кейін келе хандар мен ел билеген көсемдерге де «Ажа» атағы қосарланып отырғаны байқалады. Бұл титулдың Қазақ хандығы тұсында да қолданыста болғандығын эз-Тәуке секілді хандарға қосарланып айтылған үлкен атақ бергендігінен-ақ оның маңыздылығының әлі жоғала қоймағандығын көрсетеді. Қазақ хандығы өзінің өмір сүруін тоқтатқан кезде бұл сөз де мағынасын жоя бастаған. Уақыт өте келе тек отбасындағы үлкен шешелер мен апаларды білдіретін «әже», «ажын» сияқты бұрынғы қасиетінен айрылып, отбасылық жағдайда айтылатын тұрмыстық деңгейдегі атауға айналып кеткендігін көреміз. Бұл сөз кейінгі кезде қолданыстан шығып қалғанымен, «үлкен», «ұлы» деген мағынасын сақтап қалғандығын көруге болады. Уақыт өте келе «әже» сөзі тұрмыстық деңгейде қолданысқа еніп кеткен, «ажын» сөзі екінші сатыға түсіп «абысын-ажын» секілді қосарланған тіркес мағынасында ғана сақталып қалғандығын көреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 261 б.
2. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Ғылыми-зерттеу мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 468 б.

3. Корен Армстронг. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» Қоғамдық қоры, 2008. – 432 б.
4. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 11-том. Арғықазақ мифологиясы. 3-кітап. – Алматы: Арыс, 2008. – 520 б.
5. Қыдырәлі Д. Ашина әулеті туралы аңыз. [Электронды ресурс]. URL: <https://baribar.kz/24814/ashina-auleti-turaly-anhyz/> (қаралған уақыты: 12.01.2024)
6. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
7. Абысын-ажын. [Электронды ресурс]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/35512> (қаралған уақыты: 12.01.2024)
8. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 472 б.
9. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 19-том: Мақалалар, очерк, сценарийлер, либреттолар. 1942–1945. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014. – 400 б.
10. Салмин А.К. История чувашского народа: анализ основных версий. – СПб.: Нестор. История, 2017. – 464 с.
11. مهواش واهد گرد و غبار شخصیت های اسطوره ای در شاهنامه فردوسی - تهران ؛ انتشارات سروش ، 2000 -. 500 ص
12. Мифы и легенды народов мира / Сост. Н. Будур и И. Панкеев. – 2-е изд., испр., перераб., сокр. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2000. – 560 с.
13. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан XIII–XVIII ғасырлардың алғашқы ширегінде. 2-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 306 б.

REFERENCES

1. Sagyndyquly B. Qazaq tili leksikasy damuynyn etimologialyq negizderi [Etymological basis for the development of the vocabulary of the Kazakh language]. – Almaty: Sanat, 1994. – 261 b. [in Kazakh]
2. Margulan A. Ejelgi jyr, anyzdar. Gylymi-zertteu maqalalar [Ancient songs, legends. Research articles]. – Almaty: Jazushy, 1985. – 468 b. [in Kazakh]
3. Koren Armstrong. Iudaizm, hristiandyq pen islamdagy 4000 jyldyq izdenis: Qudaitanu baiany [The 4,000-year quest in Judaism, Christianity and Islam: the narrative of Divinity]. – Almaty: «Ultyq audarma biurosy» Qogamdyq qory, 2008. – 432 b. [in Kazakh]
4. Qondybai S. Tolyq shygarmalar jinagy. 11-tom. Argyqazaq mifologiasy. 3-kitap [Full collection of works. Volume 11. Vintagekazakh mythology. Book 3]. – Almaty: Arys, 2008. – 520 b. [in Kazakh]
5. Qydyrali D. Ashina auleti turaly anyz [The Legend of the Ashina dynasty]. [Electronic resource]. URL: <https://baribar.kz/24814/ashina-auleti-turaly-anhyz/> (date of access: 12.01.2024) [in Kazakh]
6. Gumilev L. Kone turikter [Ancient Turks]. – Almaty: Bilim, 1994. – 480 b. [in Kazakh]
7. Abysyn-ajyn [Abysyn-azhyn]. [Electronic resource]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/35512> (date of access: 12.01.2024) [in Kazakh]
8. Musabaev G. Qazaq til biliminin maseleleri. Voprosy kazahskogo iazykoznanania [Kazakh language issues]. – Almaty: Arys, 2008. – 472 b. [in Kazakh]
9. Auevov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq jinagy. 19-tom: Maqalalar, ocherk, scenariler, librettolar. 1942–1945 [A complete collection of his works in Fifty volumes. Volume 19: articles, essays, scripts, librettos. 1942–1945.]. – Almaty: “Daur”, “Jibek joly”, 2014. – 400 b. [in Kazakh]
10. Salmin A.K. Istoria chuvashskogo naroda: analiz osnovnyh versiy [The history of the Chuvash people: an analysis of the main versions]. – SPb.: Nestor. Istoria, 2017. – 464 s. [in Russian]
11. Mahvash Vahed Dust. Firdousidin «Shahnamasyndagy» mifologialyq keiipkerler [Mythological characters in Firdowsi's “Shahnama”]. – Tegeran; «Soroush press», 2000. – 500 b. [in Persian]
12. Mify i legendy narodov mira [Myths and legends of the peoples of the world] / Sost. N. Budur i I. Pankeev. – 2-e izd., ispr., pererab., sokr. – M.: OLMA-PRESS, 2000. – 560 s. [in Russian]
13. Qazaqstan (Qazaq eli) tarihy. 4 kitaptan turatyn oqulyq. Qazaqstan XIII–XVIII gasyrlardyn algashqy shireginde. 2-kitap [History of Kazakhstan. The textbook consists of 4 books. Kazakhstan in the first quarter of the XIII–XVIII centuries. Book 2]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2016. – 306 b. [in Kazakh]